

ЕРЛЕРДІҢ ЕРЛІК ІЗДЕРІ

7 сәуір – 1995 жылы Тәжік-ауған шекарасында әскери борышын өтеу кезінде қаза тапқан 17 әскери қызметкерді еске алу және ерлік күні.

1992 жылғы 15 мамырдағы «Ұжымдық қауіпсіздік туралы» мемлекетаралық шарттарға және ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 23 желтоқсандағы Қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының жиынтық батальоны құрамындағы Ішкі әскерлердің жиынтық ротасын Калай-Хумб қышлағы аймағында Тәжік-Ауған учаскесінде ТМД-ның сыртқы шекараларын күшейтуге жіберу туралы шешім қабылданды. Тәжік-ауған шекарасы арқылы Қазақстанның бітімгершілік күштерінің жүздеген жауынгері өтті, олар жиынтық батальон құрамында Тәжік-ауған шекарасындағы учаскені күзету барысында бірқатар тапсырмаларды орындады.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, 90-жылдардың басында тәжік-ауған шекарасында нағыз ұрыс басталды. Ауғанстан басшылығы шекаралас аудандардағы жағдайды бақылай алмайтынын мойындады. Оңтүстік шекараларды қорғау үшін ТМД мемлекеттерінің басшылары оларды бірлесіп күзету туралы шешім қабылдады, өйткені сол жағынан есірткі мен қару-жарақ ағыны кедергісіз өтті. Жеке жиынтық қазақстандық батальон Таулы Бадахшанда болды және Тәжікстандағы азаматтық соғыс басталғаннан кейінгі дағдарыс кезеңінде тәжік-ауған шекарасын қорғау жөніндегі жауынгерлік міндетті орындады.

«Қазақстандық бітімгершілік құраммен бірге аралас учаскелерде осындай міндеттерді бауырлас көрші мемлекеттердің жауынгерлері де жүктелген тапсырмаларды абыроймен орындады» – дейді М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің әскери кафедра бастығы, Тәжік-Ауған қақтығысының ардагері, полковник Жақып Кенжебаев.

Ресми деректерге сүйенсек, 1992 жылдың күзінде Тәжікстанға Қапшағай қаласында орналасқан 35-ші жеке гвардиялық әуе-десанттық бригадасынан 300 жауынгер мөлшерінде техникасыз бір жеке әуе-десанттық батальон жіберілді. Ал 1993 жылдың көктемінде үш әскери ведомстводан – Қорғаныс министрлігінен, Ішкі әскерлерден және ҰҚК Шекара қызметінен бес ротадан тұратын жеке құрама атқыштар батальоны құрылды. Тәжікстандағы қазақстандық әскери қызметкерлердің жауынгерлік міндеті алдымен Хорог қаласында, содан кейін Калай-Хумб елді мекенінде ресейлік шекара отрядтарының блокпосттары мен заставаларын күшейту болды. 1995 жылы 7 сәуірде Памирдегі Пшихавр шатқалында болған шайқаста Ішкі әскерлердің құрама тобы торуылға түсіп, жаумен тең емес шайқаста 17 адам қайтыс болып, 33 сарбаз жарақат алды.

«1995 жылғы 7 сәуірде Шымкент Ішкі әскерлер полкінің құрама ротасына жүктерді алып жүру кезінде заңсыз қарулы бандалық құрамалар тарапынан шабуыл жасалды, оның барысында құрама ротаның жауынгерлері батылдық пен ержүректілік танытты, қарсыластың жоғары күштерімен тең емес шайқасты қабылдады және оларға батыл тойтарыс берді», – делінген сол кездегі баспасөз хабарламасында.

Тәжік-ауған шекарасын қорғау міндетін атқарған жүзге жуық қазақстандық әскери қызметкер Қазақстан мен Ресейдің мемлекеттік наградаларына ие болды. Қарулы қақтығыста жаумен бетпе-бет келіп, қарамағындағыларды қызғыштай қорғап, тұтқиылдан жасалған шабуылға тойтарыс беріп, ерлік көрсеткен ерлердің арасында М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің әскери жұмылдыру бөлімінің бастығы, запастағы полковник Берік Омаров та бар. Ол Мемлекет басшысының жарлығымен II дәрежелі «Айбын» орденімен наградталды. Ал, жерлесіміз, Ынтымақ тұрғын үй алабының тұрғыны, 5485 әскери бөлімінің әскери қызметкері, старшина Қалмахан Бақбаев ерлікпен қаза тапты. Қ.Бақбаев III дәрежелі «Айбын» орденімен наградталып, Шымкенттегі әуежай маңындаға көшеге есімі берілді.

1992-2001 жылдар аралығында тәжік-ауған учаскесіндегі ТМД-ның сыртқы шекараларын күзетуге жауынгерлік іс-қимылдарға жеке құрама атқыштар батальонының 9 мыңға жуық әскери қызметкері қатысты. Шекараны бұзушылардың Қарулы топтарымен қақтығыс барысында, заставаларға жасалған бандиттік шабуылдардың, террористік актілер мен диверсиялардың нәтижесінде 43 қазақстандық сарбаз қаза тапты, 100-ден астам адам гүрлі дөңгелектегі жарақат алды. Сонымен қатар, бүгінгі таңда оннан астам ардагер денсаулығынан айырылып, мүгедек болып отыр.

2019 жылы Ішкі істер министрі мен ҚР Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының қолдауымен сол кездегі нақты оқиғаларға негізделген көркем фильм мен «Қазбат» телесериалы түсірілді.

Бүгінде М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасының профессорлық-оқытушы құрамы жастарға аға буынның ерлігін насихаттап, әскери-патриоттық тәрбие арқылы олардың бойында патриоттық сананы қалыптастыруға атсалысып отыр.

**Ерлан ҚҰДАЙНАЗАРОВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ әскери кафедрасының
аға оқытушысы, запастағы
подполковник**